

**Ақтөбе қаласының білім бөлімі  
МКҚК №47 «Нұр-Ай» балабақшасы**

**Ақтөбе облысы білім беру басқармасының  
Ақтөбе қаласының білім бөлімінің  
МКҚК №47 «Нұр-Ай» балабақшасының  
өзін-өзі аттестациялау қорытындысы**

**Ақтөбе-2022 жыл**

## **Мазмұны**

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы

**8.1.** Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

**8.2.** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

**8.3.** МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

**8.4.** МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

**8.5.** Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

**8.6.** Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

**8.7.** «Денсаулық», "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

**8.8.** Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторингінің) болуы.

**9.1.** МДТО ҰОЖ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі.

**9.2.** МДТО ҰОЖ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі.

**10.** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

**11.1.** МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзырет көлемін игеру.

**11.2.** Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

**12.1.** Жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау.

**12.2.** Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін сақтау.

## Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы



### 1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№47 «Нұр-Ай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

### 2. Пайдалануға берілген жылы:

2015 жылы «01» маусым айында Ақтөбе қаласының әкімдігінің 01.06.2015 жылғы №1976 қаулысымен құрылды. Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 2015 жылы салынған. Қабаты-2, іші жарық, жылу жүйесі, су, кәріз, сантехникасы жақсы күйде. Топтық және жатын бөлмелері 6 топқа арналған. Мекемеде 1 музыка залы, 1 спорттық залы, әдістемелік, логопед орыс тілі және психолог кабинеттері бар.

Сыйымдылығы 150 орын

Жалпы тізім бойынша-210

**3. Білім беру ұйымының орналасқан жері:** индекс 030018 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Заречный-4 тұрғын алабы, 316 құрылыс.

### 4. Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон: 8(71 32) 99-02-55, 8(7132) 98-26-43. **Электронды пошта**

[detsad47nurai@mail.ru](mailto:detsad47nurai@mail.ru) **Web-сайт:** <http://detsad47nurai.kz/kz/>

**Инстаграмм желісі:** nurai\_47\_sadik **Фейсбук желісі:**

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100023991065434>

**5. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Балабақша меңгерушісі Балмагамбетова Назгуль Измуханбетовна 2015 жылы 1 қыркүйек айында Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №200 бұйрығымен тағайындалған.

Телефон: 87013032576 **Электронды поштасы:** [balmagambetova1976@mail.ru](mailto:balmagambetova1976@mail.ru)

**Инстаграмм желісі:** nazgul\_bal, **Фейсбук желісі:**

<https://www.facebook.com/profile.php?id>

**6. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:** Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Ақтөбе

қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімімен 15.01.2021 жылы берілген,  
БСН-150640026877, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 30.06.2015 жыл.

**7. Рұқсат беру құжаттары:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы  
қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 07қазандағы №KZ51RVK00005389  
берілген хабарлама.

**1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

**8.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкес №47 «Нұр-Ай» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. №47 «Нұр-Ай» балабақшасы сыйымдылығы 150 орын. 6 топ. Қазіргі таңда 200 бала тәрбиеленуде. 3-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 5 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті **balabagsha.akt.kz** сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі. Тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2017-2018 оқу жылы мен 2018-2019 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты» (өзгеріс: 13.05.2016 №292 қаулы) мен «*Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы*» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс: 22.06.2016ж. №391) бұйрығы негізінде құрылған. 2018-2019 оқу жылында оқу жұмыс жоспарына стандарт өзгеруіне байланысты жаңа өзгерістер толықтырулар ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс: 10.10.2018 №556 бұйрығы) негізге алынып жасалған. Оқу жылының аяғына дейін оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс: 22.06.2016ж. №391) бойынша жүргізілген.

2019-2020 оқу жылында оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс: 10.10.2018 №556 бұйрығымен құрылған.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында оқу жоспарын құруда оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (**өзгеріс: 12.05.2020 №195 бұйрықтары**) бойынша талапқа сәйкес құрылған.

2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарында оқу жүктемесінің көлемі ІІ кіші топтарында -12 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім – 1 сағат, ортаңғы топтарында-14 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім – 2 сағат, ересек топтарында-20 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім – 3 сағат.

2019-2020 оқу жылында оқу жүктемесінің көлемі ортаңғы топтарында-14 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім – 2 сағат, ересек топтарында-20 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім – 3 сағат

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында оқу жүктемесінің көлемі ортаңғы топтарында-12 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім – 1 сағат, ересек топтарында-14 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім –2 сағат, мектепке даярлық топтарында-20 сағат, оның ішінде вариативтік бөлім –3 сағат

№47 «Нұр-Ай» балабақшасының қызметін өзін-өзі бағалау кезінде тексерілген бес оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарларының құрылуы қалалық білім бөлімімен келісілген, балабақша меңгерушісі бекіткен, үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

### Оқу жұмыс жоспары

| № | Білім беру салалары | Оқу қызметін ұйымдастыру арқылы базалық мазмұны | Ұйымдастырылған оқу қызметі |      |            |     |                      |     |
|---|---------------------|-------------------------------------------------|-----------------------------|------|------------|-----|----------------------|-----|
|   |                     |                                                 | Ортаңғы топ                 |      | Ересек топ |     | Мектепке даярлық топ |     |
| 1 | «Денсаулық»         | Дене шынықтыру                                  | 3                           | 3    | 3          | 3   | 3                    | 2,5 |
|   |                     | Қауіпсіз мінез - құлық негіздері. валеология    |                             | -    |            | -   |                      | 0,5 |
| 2 | «Қатынас»           | Сөйлеуді дамыту                                 | 2                           | 1    | 2,5        | 1   | 5                    | 1   |
|   |                     | Көркем әдебиет                                  |                             | 0,5  |            | 1   |                      | 1   |
|   |                     | Сауат ашу негіздері                             |                             | -    |            | -   |                      | 2   |
|   |                     | Орыс тілі                                       |                             | 0,5  |            | 0,5 |                      | 1   |
| 3 | «Таным»             | Математика негіздері                            | 2,5                         | 1    | 2,5        | 1   | 2,5                  | 1   |
|   |                     | Сенсорика                                       |                             | -    |            | -   |                      | -   |
|   |                     | Құрастыру                                       |                             | 0,5  |            | 0,5 |                      | 0,5 |
|   |                     | Жаратылыстану                                   |                             | 1    |            | 1   |                      | 1   |
| 4 | «Шығармашылық»      | Сурет салу                                      | 3                           | 1    | 3,5        | 1   | 5                    | 1   |
|   |                     | Мүсіндеу                                        |                             | 0,25 |            | 0,5 |                      | 1   |
|   |                     | Жапсыру                                         |                             | 0,25 |            | 0,5 |                      | 1   |
|   |                     | Музыка                                          |                             | 1,5  |            | 1,5 |                      | 2   |
| 5 | «Әлеумет»           | Өзін - өзі тану                                 | 0,5                         | -    | 0,5        | -   | 1,5                  | 1   |

|    |                                             |                                    |             |     |             |     |             |     |
|----|---------------------------------------------|------------------------------------|-------------|-----|-------------|-----|-------------|-----|
|    |                                             | Қоршаған ортамен таныстыру         |             | 0,5 |             | 0,5 |             | 0,5 |
| 6  | Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі |                                    | 11          |     | 12          |     | 17          |     |
| 7  | Вариативтік компонент                       | «Құм ғажайыптары»                  | 1           | 1   | 2           | -   | 3           | -   |
|    |                                             | «Бағдаршам сыры»                   |             | -   |             | 1   |             | -   |
|    |                                             | «Тапқыштар!»                       |             | -   |             | 1   |             | -   |
|    |                                             | «Қызықты логика!»                  |             | -   |             | -   |             | 1   |
|    |                                             | «Абайлаңыз,қауіпті!»               |             | -   |             | -   |             | 1   |
|    |                                             | «Мейірімділік пен әділдік мекені!» |             |     |             | -   |             | 1   |
| 8  | Вариативтік компонент                       |                                    | 1           |     | 2           |     | 3           |     |
| 9  | Барлығы                                     |                                    | 12          |     | 14          |     | 20          |     |
| 10 | Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы     |                                    | 15-20 минут |     | 20-25 минут |     | 25 – 30 мин |     |

#### Вариативтік компонент құрайтын бағдарламалар

| № | Бағдарламаның тақырыбы             | Жүргізілетін тобы     | Сағат саны |
|---|------------------------------------|-----------------------|------------|
| 1 | «Құм ғажайыптары»                  | Ортаңғы тобы          | 1          |
| 2 | «Тапқыштар!»                       | Ересек тобы           | 1          |
| 3 | «Бағдаршам сыры» »                 | Ересек тобы           | 1          |
| 4 | «Қызықты логика!»                  | Мектепке даярлық тобы | 1          |
| 5 | «Абайлаңыз,қауіпті!»               | Мектепке даярлық тобы | 1          |
| 6 | «Мейірімділік пен әділдік мекені!» | Мектепке даярлық тобы | 1          |

Оқу жұмыс жоспары №47 «Нұр-Ай» балабақшасының 31.08.2021 жылғы І педагогикалық кеңесінде бекітілді.

#### 8.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

№47 «Нұр-Ай» балабақшасы 6 топтың тәрбиеленушілеріне оқу-тәрбие үдерісі 2021-2022 оқу жылында білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Балабақшаның 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары мектепке дейінгі тәрбиенің оқытудың жалпыға білім беретін оқу бағдарламасы және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Занының 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес Білім және ғылым

министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиенің оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу қызметі кестесі бес білім беру саласы талабы бойынша оқу жұмыс жоспарға сай құрылған.

Балабақшада білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып, үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып, оқу жұмыс жоспары 2021 жылдың 31 тамызында І педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, Ақтөбе қалаласының білім бөлімінің бекітілген бұйрығымен жұмыс жасауда. Балабақшаның даму бағдарламасы 2020-2025 жылдарға құрылған, жылдық жұмыс жоспары І педагогикалық кеңес отырысында мақұлданып, сол жоспармен жүйелі түрде жұмыс жасап келеді.

2020-2025 жылдарға арналған №47 «Нұр-Ай» балабақшасының даму бағдарламасы құрылып, төмендегі өзекті мәселелерді алға тарта отырып, жұмыс жасауда:

- Балалардың денсаулығын нығайту, аурушандық деңгейін түсіру.
- Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;
- Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету;
- Тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналар мен баланың тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсілдер, тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру;
- Мектепке дейінгі білім берудің әлеуметтік ахуалын көтеру
- Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістерінің қабылдану;

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық-хатты басшылыққа ала отырып, балабақшаның даму бағдарламасына бағдарламасына сәйкес құрылып, жұмыс жүргізуде.

Балабақшаның 2017-2018 оқу жылы, 2018-2019 оқу жылы, 2019-2020 оқу жылы, 2020-2021 оқу жылы, 2021-2022 оқу жылына арналған оқыту

мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, педагогикалық ұжымның келісуімен бекітіледі. Балабақша қызметінің биылғы алған мақсаты жаңа мазмұнда білім беру жағдайындағы мектепке дейінгі балалармен жұмысқа заманауи көзқарасты қалыптастыру мақсатқа денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып жұмыс жасау, жаңа технологияларды қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда сөйлеу қабілеттерін қалыптастырып, сөздік қорын байыту.

Балабақшаның жылдық жоспардың құрылымы:

I. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

II. Кадрлармен жұмыс

III. Білім беру процесін ұйымдастыру

IV. Әлеуметпен жұмыс

V. Бақылау және басшылық. Осы аталған бағыттардарға сәйкес жұмыс жоспарлары ашылып жасалған. Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарын құруда әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқыту – тәрбиелеу жұмысының мазмұнын жаңалау, баланың танымдық және дене дамуын диагностикалау, түзету жұмысын ұйымдастыру, оқытудың жаңа технологиясын қолдану, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату принциптері басшылыққа алынады. Балабақшаның қоғамдық ортамен бірлестігі, дамытушы ортаны құру, отбасымен серіктестік орнату, педагогтардың кәсіби өсуіне жағдай жасау міндеттері, әдістемелік ұйымдастыру бағыты бойынша байқауларға қатысу, кәсіби біліктіліктерін көтеру міндеттері, сонымен бірге, ата-аналармен жұмыс бағыты бойынша отбасында баланы тәрбиелеуге көмек көрсету, ата-аналарды білім беру үдерісіне тарту, педагог пен ата-ана арасында тиімді серіктестік құру, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатыстыру міндеттері қойылып отыр.

**Балабақша жұмысының басым бағыты:**

1. Мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру.

2. Заманауи инновациялық әдістерді қолдану арқылы балалардың сөздік қорын молайту

5 жылға арналған күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесінде ұйымдастыратын өтпелі тақырыптар 9 айға құрылған, сол өтпелі тақырыптарды перспективалық жоспар құруда негізге алған. Перспективалық жоспарлар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды қарастырып ұсынылған.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына барлық топтардың циклограммалары жазылған. Циклограмма – балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістері мен тәсілдерін

таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт береді. Перспективті жұмыс жоспарларымен толық сәйкестікте жазылған. Циклограммада балабақша меңгерушісі бекіткен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өткізілу барысы көрсетілген. Әсіресе, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ұйымдастырылған оқу қызметтерінде педагогтар 4К моделін атап айтсам, саралау, бақылау, сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік дағдыларды пайдаланған.

Берілген ҰОҚ мазмұнында креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни тұрғыдан ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жұмыстары, яғни 4К модулі бойынша бағытталған жұмыстарды талдауда білім беру ұйымы тарапынан бейнесабақтар ұсынылды, нәтижесінде ҰОҚ балалардың жас ерекшеліктерін ескерілген және ҰОҚ жүйелі өткізуге көрнекіліктері, ойындары, үлестірмелі материалдары толық қамтылған.

*№47 «Нұр-Ай» балабақшасының психологиялық жағдай* туғызу қызметі жүргізілуде. Мекемеде психолог қызметін Бижанова П.О. атқарады.

Бижанова П.О. -білімі: жоғары, мамандығы «Педагог-психолог», педагогикалық жұмыс өтілі осы мекемеде -7 жыл.

Балабақшада психологқа арнайы кабинет бөлінген. Кабинетте балалармен бақылау, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге толық жағдай жасалған.

Бақылау жұмыстары әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған.

Психодиагностика жұмысынан соң, түзету, дамыту жұмыстары жүргізілген.

*№47 «Нұр-Ай» балабақшасының психологиялық қызметі* «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 ж. 31.10. №604 бұйрығы, 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарауы, 5-тармағы, 3) тармақшасына сәйкес жүргізілуде.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2 тарау 8 тармағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру, балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу міндеттерін іске асыру ұйымдастырылған іс-шаралардың, семинарлардың мәліметтері, жылдық жұмыс жоспарының көшірмелері ұсынылды. Руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беру, ұлтымыздың барлық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымды алға тарта жұмыс жасау үшін *№47 «Нұр-Ай» балабақшасында* 2 кабинет жасақталып, көрнекіліктермен толықтырылған. Биылғы оқу жылының басында **«Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруда** ұлттық құндылықтарға, қазақ халқының мәдени мұраларын құрметтеуге, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетімізді дәріптеу және ұлттық рухқа тәрбиелеу, ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастықты сақтау, ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында балабақшамызда заманауи инновациялық әдістер мен материалдарды, «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша дайындалған жетілдірілген ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамытуға қажетті соңғы үлгідегі көрнекі және ойын құралдарымен,

кітаптармен «Рухани жаңғыру сәби шақтан» дамыту бөлмелері жабдықталған.

### **8.3. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру**

Пәндік - кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әлауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану болып келеді.

Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 1 – тарауы 2-тармағы 6) тармақшасы *«заттық-кеңістіктік дамытушы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі»* негізге алынады.

Осылайша заттық- кеңістіктік дамытушы орта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді. №47 «Нұр-Ай» балабақшасының барлық топтарында 5 білім беру салалары бойынша бұрыштар жинақталған, балалардың қолайлы білім алуына жағдай жасалған. Балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта 5 білім беру саласы бойынша барлық топта да ұйымдастырылғаны анықталды. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 4 компьютер, 4 принтер, 2 сканер, 2 ксерокөшірме, 1 переплет аппараты, 1 ламинат аппараты, 1 проектор, 1 интерактивті тақта, 10 кварц бар. Топтарда парта, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, паннолармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған.

Әр топтың өзінің ойын алаңы бар: кіші эстетикалық, архитектуралық ертегі және жануарлар мүсіндері орналасқан. Балабақша алаңы балалар ойындарына арналған құралдармен бала жасына сай келетін әткеншектер, сырғанақтар, үйшіктермен толық жабдықтаған.



Мектепке дейінгі ұйымда 14 кабинет, 1 спорт залы және 6 топ бөлмесі бар. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. Балабақшаның кабинеттері: дәрігер, әдіскер, меңгеруші кабинеті, шаруашылық меңгерушісінің, есепші кабинеті, психологтің, логопедтің, орыс тілінің мұғалімінің, музыка, театр, сенсорика, робототехника, «Жеті ойыншық», «Рухани жаңғыру» кабинеті және мұражай бар. Дәліздерде жол ережесі, өрт қауіпсіздігі, сауықтыру-шынықтыру шараларының, экология бойынша «Жасыл ел», «Мәңгілік Ел», «Бақытты балалық шақ» бұрыштары толық жабдықталған. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай.



Спорт залда гимнастикалық доптар, скамейкалар, доғалар, кедергілер, спорттық құралдар: шеңберлер, батут – доптар, кеглилер, құм салынған және қиыршық тастар салынған қапшықтар, секіргіш жіптер жалаушалар т.б-мен

жабдықталған. Музыкалық ойын-сауықтарды ұйымдастыруға арналған пионино, музыкалық орталық, балалардың музыкалық аспаптары, көрнекіліктер, ойын-сауықтарды драмалауға арналған атрибуттары, ертеңгілікке арналған жабдықтары мен би костюмдері жинақталған бөлмесі бар. Би костюмдердің бөлмесінде барлық костюмге сәйкес бас киімдер және әшекейлермен толықтырылған.



Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдар, аудио-видео материалдары бар.



1. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған қажетті жағдайлар жасалған. Топтарда денсаулық бұрыштары жасақталып, стандартқа сай заманауи спорттық құралдар, үрмелі доптар, дөңгелек шарлар, балаларға арналған туннельдер, кубиктер, кеглилер, обручтер, құм қалташалары, массажды кілемшелер, велосипедтер, қимылды ойындар жиынтығы т.б жинақталған.

2. «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты, сюжетті рольді ойындармен қамтылған (дүкен, дәріхана, шаштараз рольдік ойындар); Монтессори технологиясының

элементтерін қолданатын, саусақ қимылдары мен қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған материалдармен қамтылып қолайлы жағдай жасалған.



3. «Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада топтың шығармашылық бұрыштары балалардың жас ерекшеліктеріне сай көрнекіліктермен жабдықталған, музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы барабан, баян, балаларға арналған порто пианино, сылдырмақ), көрнекіліктермен эстетикалық тұрғыда безендірілген. Театрландырылған ойындарға арналған жылжымалы ширма жасақталған.

4. «Таным» білім беру саласы бойынша түрлі сенсорикалық ойын құралдарымен жабдықталған. Түрлі-түстегі және әртүрлі геометриялық пішіндері (куб, призма, пластина, кірпіштер) бар ағаштан, пластмассада жасалған құрылыс материалдарының жиынтығымен, лепбуктармен, кубиктермен, сенсорлы үйшіктермен, безербордтармен жасақталған.



5. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша «Ұлттық бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Театр бұрыштары», «Рухани Жаңғыру» бұрыштары жабдықталған.



№47 «Нұр-Ай» балабақшасының жас ерекшеліктері бойынша тәрбиеленіп отырған мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоциональдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері ұсынылды.

Балабақша педагогтары балалармен жұмысты жүйелі жүргізу мақсатында үнемі жаңа технологияларды пайдаланып жұмыс жасап келе жатыр. Атап айтқ, жаңа мазмұнда білім беру жағдайындағы мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысқа замануи көзқарас таныта отырып, «Денсаулық сақтау» технологиясы, «Фребель сый» технологиясы, «Мнемотехника» технологиясы, «Кюизенер таяқшалар» технологиясы, «Н.Зайцев» технологиясы, «ТРИЗ» технологиясы, «М.Монтессори» технологиясы, «Ойын технологиясы» технологияларын балалармен жұмыста күнделікті қолданып отырады. Оқу-тәрбие жұмыстарын балалармен жүргізуде ортаңғы топ балаларымен саусақ моторикасын дамыту мақсатында «Құм ғажайыптары» бағдарламасымен, мектеп алды даярлық топ балаларының сөздік қорын молайту мақсатында «Театр әлемінде!», балаларды шапшаңдық

